

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ГЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

«БЕКІТІМЕН»

Озбекелі Жәнібеков атындағы

Оңтүстік Қазақстан

педагогикалық университеті

Басылым тараласы-Ректордың у.м.а.

Г.Д. Сугирбаева

27.06.2024 жыл

Озбекәлі Жәнібеков атындағы

ОҚЦШ Еңбек мемлекеттік мектебі

Жылдама, 21.06.2024 жыл.

«Озбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті» ҚеАҚ дайындық беліміне (Foundation) оқуға қабылдау  
ЕРЕЖЕСІ

Шымкен 2024

## **Дайындық боліміне тыңдаушыларды оқуға қабылдау (Foundation)**

### **Негізгі ережелер**

1. Өзбекөлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Foundation) дайындық боліміне оқуға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады.
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша дайындық бөліміне Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жок адамдарды қабылдау жүргізіледі. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.
3. Оқуға түсушіге, егер олар "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес алғаш рет окуды жүзеге асырса, мемлекеттік білім беру тапсырысында тегін оку мүмкіндігі беріледі.
4. Дайындық бөліміне ақылы негізде оқуға қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

### **Дайындық бөліміне тыңдаушыларды қабылдауға тіркеу тәртібі**

1. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ЖЖОКБҰ-ның ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда немесе ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.
2. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылдың 5 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында жүргізіледі.
3. Конкурстық іріктеу үшін университет оқытушылары арасынан іріктеу комиссиясы құрылады және комиссия мүшелері арасынан комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерінің саны оның төрағасын қосқанда тақ болуы керек. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйек аралығында өткізеді.
4. Конкурстық іріктеуді өткізу тәртібін ЖЖОКБҰ /университет/ әзірлейді және бекітеді. Конкурстық іріктеу кестесін, күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін үміткерлердің назарына жеткізіледі.
5. ЖЖОКБҰ-да конкурстық іріктеуден өту барысында талапкер өзінің жеке басын куәландыратын құжатты және құжатты тіркеу туралы хабарламаны көрсетеді.
6. Конкурстық іріктеу нәтижелері еркін нысандағы қабылдау комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді және оған төраға, комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.
7. Қабылдау комиссиясының хаттамасының негізінде студенттерді мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша дайындық бөлімдеріне қабылдау туралы шешім қабылданады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейін конкурстық іріктеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтарына, қазақ ұлты болып табылатын шетелдік тұлғаларға және

Қазақстан Республикасында тұракты тұратын азаматтығы жок адамдар назарына жеткізіледі.

8. Дайындық бөлімдерінде оку күндізгі және қашықтықтан оқыту түрінде жүзеге асырылады. Сабактар күнтізбелік жылдың 1 қазанында басталады. Оку мерзімі - 9 ай.

9. Дайындық болімдері үшін қашықтықтан оқыту келесі тыңдаушыларға қарастырылған:

- 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;
- 2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, үш жасқа толғанга дейін –бала туған, асырап алған тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, оку жылы ішінде тұргылықты жерін тастап кеткен және шекараның жабылуына, карантин жариялануына және оларға байланысты емес өзге де мән-жайларға байланысты қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарға;

10. Оку аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы сертификат (еркін нысанда) беріледі.

11. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқудан шығару негіздері:

- 1) тыңдаушыны өз өтініші бойынша оқудан шығару туралы өтініш;
- 2) Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ішкі тәртіп ережелерін бұзу.

Тыңдаушыны Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дан шығару оку орны басшысының бүйрігымен рәсімделеді.

#### **Дайындық бөліміне тыңдаушыларды қабылдау тәртібі**

1. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне тұсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары ЖЖОКБҰ арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын қуәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұскасы;

3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (ортада білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосыншаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұскасы;

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрігымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық аныктама.

8. ЖЖОКБҰ-ның дайындық бөлімдеріне тұсу үшін шетелдіктер, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жок адамдар ЖЖОКБҰ арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мордің аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырган сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда);

4) үміткердің тұрғылықты жерінің ресми деңсаулық сактау органы берген шетелде білім алуға арналған деңсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама.